

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ХАЛЫҚ ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА»
БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА
ОТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

«Фараби оқулары» атты
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
3-4 сәуір 2014ж., Алматы

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

республиканской научно-практической конференции
«Фарабиевские чтения»

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ
В РАМКАХ ПРОГРАММЫ
«НАРОД В ПОТОКЕ ИСТОРИИ»**

Алматы, 3-4 апреля 2014 г.

МАЗМУНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Таймагамбетов Ж.К. Об опыте, состоянии и проблемах написания учебников и учебных пособиях для школ и вузов Казахстана	5
Әбжанов Х.М. «Қазақ елі» – ұлттық идея мәйегі.....	7
Омарбеков Т.О. «Мәңгілік ел» идеясы және тарих.....	10
Алиакбарова Ф.М., Өмірбек А. Тарих оқулығының проблемалары.....	19

Бірінші секция / Первая секция

Жаңа форматтағы Отандық және дүниежүзілік тарихтың оқулықтары мен оқу құралдарын дайындау мәселелері Проблемы подготовки учебников и учебных пособий нового формата по истории Казахстана и всемирной истории

Жумагулов К.Т. О подготовке учебников и учебных пособий по всемирной истории для вузов и школ республики Казахстан	22
Сатанов А. Б. Орта мектеп оқулықтарын құрастырудың озық тәжірибелері мен талаптары	25
Құнапина Қ.Қ. Орта мектепте отандық тарих оқыту мәселелері	29
Мұхатова О.Х. Жаңа форматтағы оқулықтарды дайындаудың талаптары	32
Ахметжанова А.Т., Тасилова Н.А. ЖОО «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда көрнекі құралдарды пайдаланудың маңызы.....	35
Кәрібаев Б.Б. ЖОО тарих мамандығына арналған жаңа оқулыққа Қазақ хандығы тарихының өзекті мәселелерін енгізу жөнінде.....	39
Телеуова Э.Т., Әбділдабекова А.М. ЖОО*-да білім беру жүйесі: отандық тенденциялар бойынша дайджест*	43
<i>Сайлан Б.С.</i> Қазақстан тарихынан мектеп оқулықтарындағы көрнекіліктердің келеңсіздіктері.....	45
Абдилдабекова А.М. Актуальные проблемы преподавания отечественной истории в контексте формирования патриотизма	47
Жақупова Г.Т., Уразбаева А.М. Некоторые особенности учебников для средней школы по учебной дисциплине «история».....	50

Екінші секция / Вторая секция

«Мәңгілік ел» идеясының тарихи тамырларын зерттеудің теориялық-методологиялық мәселелері Теоретико-методологические проблемы изучения исторических корней «Мәңгілік ел»

Омарбеков Т.О., Хабижанова Г.Б. Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттер тарихын зерттеу мәселелері	53
Түрсынхан Әкенұлы (Қайыркен) Көне түркілердің «Мәңгілік ел» мұраты	56
Түрсын Жұртбай Жер жегісі – ел жегісі	60
Нуртазина Н.Д. Проблемы изучения религиозных персоналий в истории Казахстана.....	64
Акеділ Тойшанұлы Жанқожа батыр (Тарихи жырлар негізінде).....	67
Алтаев А.Ш. Идея «Мәңгілік ел» и проблемы укрепления общеказахстанской идентичности	72
Қартабаева Е.Т. Түркі өркениеті: теориялық-методологиялық аспектісі.....	75
Жумадил А.К. Становление Российской дореволюционной историографии кочевников Евразии	79

**«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ТАРИХИ ТАМЫРЛАРЫН
ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ
ИСТОРИЧЕСКИХ КОРНЕЙ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»**

Талас Омарбеков

т.ғ.д., профессор, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі

Гүлнәр Хабижанова

т.ғ.д., Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТТЕР ТАРИХЫН
ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Бүгінгі жаһандану заманында Қалыптасқан жаңа мемлекетімізді құрушы қазақ халқының тарихымыздағы маңызды орны мен сапалық деңгейін көтере түсу және оның мемлекетіміздегі басқа халықтарды топтастырушы рухани және саяси күш ретіндегі ықпалын арттыра түсу бүгінгі күннің аса өзекті мәселесіне айналып отыр. Мұның өзі бізді қазақ халқының өткенін және дәстүрлі болмысын тереңдете зерделеуге бағыттайды. Сондықтанда таяуда, 5 маусымда болған Қазақстан Республикасының Ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында Мемлекеттік хатшы Марат Тажин сіздердің назарларыңызды Орталық азиялық дәстүрлі номадтық өркениетті зерттеудің маңыздылығына аударып келе, «қазіргі таңда ол өркениеттің сақтаушысы қазақ этносы болып отыр» деп нақты атап көрсеткен еді. Бұл шын мәнінде кезінде Елбасымыздың бәрімізге белгілі «Тарих толқынында» атты еңбегінде көтерілген қазақ халқының қалыптасуы туралы идеяларды жинақы түрде бейнелеудің жарқын көрінісі болып табылады.

Бұл бағыттағы зерттеулердің ғылыми-қолданбалы тұрғыдан аса маңыздылығын қазіргі кезде Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің жанынан құрылып жатқан «Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерделеудің Республикалық орталығының» болашақ ғылыми ізденістері айқындай түседі деген ойдамыз. Айтарымыз, Мемлекеттік хатшының ұсыныстарынан туындаған Білім және Ғылым министрлігінің тапсырмаларына сәйкес аталмыш ғылыми Орталық қазірдің өзінде-ақ, таяудағы үш жылдық мерзімде жүргізілетін жұмыстардың және жобалардың **5 басты іргелі ғылыми бағыттарын** айқындап алды. Олар нақтылап айтар болсақ, төмендегідей:

1. Бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда жинақталған Орталық Азиядағы дәстүрлі қоғамның қоғамдық-экономикалық құрылысына байланысты көзқарастарға және деректерге талдаулар жасау. Мұнда Орталық Азия көшпенділерінің тарих жадының олардың өмір сүруін қамтамасыз етудегі әлеуметтік-мәдени ген ретіндегі ролін айқындайтын ауызша тарихтың материалдарын тарихи-деректік тұрғыдан талдауларға баса мән беріледі. Шынайы тарихты аңыздандырудан сақтанған кейбір зерттеушілердің әлі күнге дейін халқымыздың ауызша тарих айту дәстүрлеріне қатысты деректерді ғылыми айналымға қосуға немқетті қарап келгендері ешкімге күшія емес. Мұндайда еуроцентристік ықпалмен кеткен кейбір зерттеушілердің Мемлекеттік хатшы атап көрсеткендей, "суропалық авторларды оқып, пайымдап қана қоюмен" шектелгілері келгендерін бұрын жарық көрген 5 томнан тұратын академиялық «Қазақстан тарихы» басылымдарынан айқын аңғара аламыз. Кезінде Жібек жолымен жүріп өткен жатжұрттық елшілер мен саудагерлердің айтқандарын шынайы тарих ретінде қабылдардан бұрын дәстүрлі тарих деректерін мәдени

артефактілермен, яғни халықтың қоғамдарымен сондай-ақ ежелгі түркі және бұрынғы қытай жазба деректеріндегі көшпелілердің дәстүрлі қоғамына байланысты құнды фактілермен тарихи-салыстырмалы түрде қарастырудың берері мол. Мұндай зерттеу әдістері әрине, пәнаралық байланыстарды басшылыққа алуды қажет етеді.

2-ғылыми бағыт: Қазақ халқының этногенезіндегі дәстүрлі өркениет эволюциясының орны мен маңызын ашуды көздейді. Мұнда Орталық Азиядағы дәстүрлі қоғамдағы адам мен табиғат арасындағы байланыс мәселелері, этнотерриториялардың қалыптасу ерекшеліктері және дәстүрлі шаруашылықтар түрлерінің өмір сүруді қамтамасыз етуші ролі жан-жақты қарастырылады. Мұндайда Мемлекеттік хатшы айтқан мынадай тұжырым тарихи шындықты анықтау бағытындағы басты бағдар бола алар еді: «Қазақстанның қазіргі аумағы негізінен қазақ этносын қалыптастырған тайпалардың таралу аумағына сәйкес келеді. Ол тайпалардың ХҮ ғасырда аяқ астынан қалыптаса калмағаны айдан анық».

3-ғылыми бағыт: Орталық Азиядағы көшпелі халықтардың көшпелі емес халықтармен және далалық империялардың отырықшы елдермен қарым-қатынастарының қалыптасу тарихына арналған. Бұл бағыттағы зерттеулер сонымен қатар, Еуроазия аймағындағы көшпелі империялардың және отырықшы-диқан халықтардың өзара, санқырлы ықпалдастықтарын ашуға және көшпелілердің дәстүрлі мәдениеті мен ислам дінінің рухани сабақтастықтарын анықтай түсуге арналған. Мұндайда айтпауға болмайтын елеулі мәселе – өкінішке орай кейбір зерттеушілер қазақтың дәстүрлі тұрмысын Африкадағы номадтармен салыстыруға бейім тұрады. Бұл әрине, ақиқатқа апаратын жол емес. Біздер қазақ көшпелілерінің тарихы отырықшы өркениетпен тығыз ықпалдастық, үздіксіз өзара рухани алмасулар, араласулар тарихы екендігін түсінуіміз керек. Қазақ көшпелілерін сондықтан да отырықшы өмірден оқшау, аулақ және жеке қарастыру ешкімге үкесамайтын күрделі де, санқырлы тарихымызды біржақты баяндау болып шығады.

4 ғылыми бағыт: Орталық Азиядағы далалық империялардың ішкі саяси-әлеуметтік құрылым ерекшеліктерін көрсетеді. Осында көшпелілердегі ұлыстық басқару жүйесі, олардағы саяси-потестарлық құрылымдар сипаты, мемлекетті өркендету контекстіндегі салт-дәстүр мен дәстүрлі құқықтық қатынастар эволюциясы, көшпелілердегі әскери өнер ерекшеліктері қарастырылады. Біздің зерттеушілердің алдында кезінде еуроцентристер негіздеген дәстүрлі қоғам, яғни көшпелілер қауымдастығы бір орталыққа бағынатын мемлекет құра алмайды деген қисынсыз қағиданы теріске шығару міндеті тұр. Сондай-ақ бүгінгі мемлекеттіміздің байырғы бастауы болған қағанаттардың қалыптасуындағы ішкі саяси-әлеуметтік механизмдерді анықтамайынша қалай ел болғанымыз өзіміз үшін де, өзгелер үшін де жұмбақ болып қала бермек. Осы тұрғыдан келгенде Орталық Азиядағы әртүрлі қағанаттардың құрылуы жергілікті халықтардың этно-әлеуметтік құрылымдарына күрделі тың өзгерістер енгізе қоймағандығын, мемлекет атауларының өзгерулері жаңадан билікке келген тайпалардың немесе белгілі бір әулеттің атауларымен байланысты ауыстырылғанын дұрыстап түсініп алуымыз қажет. Мұндайда әрине, билікке келгендер жүзеге асырған реформалардың нәтижелерін тарихымызда мүлде жаңа мемлекеттің пайда болуы ретінде бағалау да тарихи шындықты бейнелей алмайды деген ойдамыз. Айтқанымызды айқындай түсер болсақ, Ғұн, Сіренда, Қимақ, Қыпшақ мемлекеттері тізбегі шын мәнінде Қыпшақ этникалық бірлестігіндегі саяси мемлекеттік қондырғылардың біртіндеп ауысқан бір тізбегін құраса, ал Үйсін, Қанлы, Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ, Қарахан мемлекеттік жүйелері шын мәнінде Он оқ елін құраған рулар мен тайпалардың үстінде сабақтастықпен ауысып отырған билік тізбегі болып табылады. Сондықтан да негізгі этникалық құрылымда жаңа рулар тармақтары пайда болса да, сондайақ кейбір тайпалар күшейіп, басқаларды ығыстырса да, автохтонды халық өзгерген жоқ. Ол бұрынғыша ата мекенде қалды. Міне, жаңа тарихи логика осылай болуы тиіс деп ойлаймыз.

5 ғылыми бағытта Дештіқыпшақтағы және қазақ даласындағы әлеуметтік және этно-мәдени үдерістердің ішкі эволюциясын ашуға баса мән беріледі. Осы бағыттағы зерттеулер топтамасын аталмыш аймақтағы этноэкологиялық дәстүрлерді салыстырмалы-тарихи негізде талдау да құрайды. Зерттеулер сонымен қатар социалистік тоталитарлық жүйенің дәстүрлі қоғамдық-әлеуметтік құрылымдар мен шаруашылық түрлерін күйрету саясатының ауыр сабақтарының тағылымды зардаптарын айқындай түсумен аяқталады. Зерттеу бағыттарын анықтауда жоғарыда атап кеткеніміздей, біз мынаны басты назарда ұстауды ескеруге міндеттіміз: дәстүрлі өркениетті зерделеу бүгінгі қалыптасқан жас мемлекетіміздің рухани болмысын күшейту және бүгінгі жаһандану үрдістерінде қазақ халқының өзіндік этномәдени келбетін жоғалтпай алмау үшін қажет. Сондықтан да зерттеулер нәтижелерінің ғылыми-практикалық, яғни қолданбалық сипатта болуын да ойластырамыз. Мұнда әрине, бөрінен бұрын тарихи зерттеулердің нәтижелерін өзіміз беру саласына енгізу бөрінен де маңызды. Сондықтан да алда қазақ халқының дәстүрлі тарихына, дәстүрлі дүниетанымына және

мәдениетіне қатысты жоғарыдағыдай зерттеулер негізінде жоғарғы білім беру жүйесінде элективті курстар оқуды жолға қою, осы негізде оқу құралдарын, электронды оқулықтар дайындау, баспасөз құралдары мен арнайы телесайттар арқылы қоғамымызда дәстүрлі өркениеттер жетістіктерін насихаттау, яғни болашақ ұрпақты дәстүрлі тарихи білімдермен тәрбиелеу жолдарын іздестіру күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе. Осы маңызды тақырыптар бойынша Орталықта жыл сайын ғылыми-зерттеу жинақтарын шығару, жүйелі түрде халықаралық және республикалық конференциялар өткізіп отыру, өзекті мәселелерді дөңгелек үстелдерде жиі талқылау жұмысымызға нақты сипат берер еді.

Аталған ғылыми бағыттарды жүзеге асыру аясында қазірдің өзінде біз, яғни осы ғылыми Орталық жұмысын жүргізуге жауапты зерттеуші азаматтар 10 ғылыми жобаны негіздеп, оны Білім және Ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің назарына ұсынып отырмыз. Қысқартып айтар болсақ, мұндай зерттеулердің сапалық деңгейінің жоғары болуы ең алдымен біздердің өзімізге, зерттеушілердің ғылыми біліктілігі мен жауапкершілігіне тікелей тәуелді екендігін ескере келе, сонымен қатар Министрліктің қамқорлығынсыз мұндай ауқымды да маңызды жұмыстарды толыққанды жолға қоя алмайтынымызды түсінеміз, және осы бағытта «жоғарыда» отырған әріптестерімізден нақты қолдаулар болар деп үміттенеміз. Осындайда, тағы бір айтарымыз: жаңадан құрылып жатқан, және дәстүрлі қазақ өркениетіне қатысты аса маңызды және нақты тақырыптарды зерттеуге жұмылдырылып отырған осы Орталықтың жұмысының күрделілігін және өзектілігін басқасын айтпағанда тек бір ғана «Өркениет» атауының өзіне байланысты халықаралық ауқымдағы және қазақстандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы зерттеушілердің әртүрлі ұстанымдары мен көзқарастарының орын алулары байқата түседі. Қазіргі ғылымға өркениеттің 11 түрі (типі) белгілі. Оларды уақыт аз болғандықтан атап жатқанды жөн көрмейміз. Алайда өкінішке орай өркениет мәселелерін зерттеуде батыстық зерттеушілер У. Ростоудың, Д. Беллдің, Э. Тоффлердің еуроцентристік, яғни технократтық көзқарастарын жақтайтындар арамызда әлі бар. Олардың адамзат өркениетін үшке: аграрлық (индустриядан бұрынғы), өнеркәсіптік, яғни индустриялық, информациялық (индустриядан кейінгі) деп жіктегенін сіздер жақсы білесіздер. Ал енді осындай өркениеттік даму сатыларын Қазақ тарихына қолдана аламыз ба? Әрине, жоқ. Бұдан гөрі бізге кезінде Рено Генон ұсынған өркениет сатылары әлдеқайда жақындау болып көрінеді. Ол бойынша өркениет сатылары басқаша, үшке: дәстүрлі, индустриялық, постиндустриялық немесе информациялық болып жіктелетін болса, біз әрине, қазақ өркениетін дәстүрлі өркениетке жатқызамыз. XX ғасырдың орта шенінен бастап осы Рено Генонның «Шығыс-артта қалудың және тұрақсыздықтың аймағы емес, керісінше рухани құндылықтардың бай қайнар-бұлағы» деген пікірі еуроцентристер мен формациялық ұстанымды жақтайтындарға қарсы қойыла бастады. Қалай десекте бұл шынында да «Карл Маркстің қауға сақалын мүлде қырып тастайтын» өркениеттік ұстаным екені сөзсіз. Алайда, жоғарыда атап кеткеніміздей, маркстік формациялық принциптерді теріске шығаратын еуропалық ғалымдардың өркениеттік ұстанымдарының бәрі қазақ тарихына қолайлы дер болсақ, қатты шатасар едік. Алысқа бармай-ақ, өзімізге көрші Ресейдің XVIII ғасырда өмір сүрген ойшылы С. Десницкийдің өркениеттік сатыларын қазақ халқының дамуына «олшеп» көрелік. Ол адамзат өркениеті дамуын төрт сатымен белгілеуді ұсынды ғой. Атап айтар болсақ, олар: жабайшылық, бақташылық, диканшылық, сауда-саттық. Жалпылама тұрғыдан қарағанда мұндай ұстаным негізсіз емес. Алайда, қазақтың дәстүрлі өркениетінде бәріміз білетіндей, бақташылықтың да, диканшылықтың да, сауда-саттықтың да әртүрлі элементтері мен белгілері аралас кездеседі ғой. Бұл біздегі дәстүрлі өркениеттің өзіндік ерекшеліктері.

Қазақ өркениетін зерттеудегі осындай қиыншылықтар қазақ зерттеушілерін де осы тұрғыда әртүрлі пікірлер айтуға итермеледі. Нақтырақ айтар болсақ, олардың еңбектерінде дәстүрлі қазақ өркениеті бірде Далалық өркениет деп аталса, ал тағы бірде номадтық, яғни көшпелілер өркениеті деп жазылып жүр. Оны аттылы көшпелілер өркениеті, ислам өркениеті, еуроазиялық өркениет, ерте түркі өркениеті немесе жалпылама түрде қазақ өркениеті деп жазып жүргендер де бар. Бұл мәселенің басы әлі ашыла қоймағандықтан бізде, оны өзінше дәстүрлі қазақ түркілерінің өркениеті деген көпшілікке де, ғылымға да түсініктілеу терминмен алмастырып отырмыз. Әрине, мұның өзі ғылыми тұрғыдан зерттей түсуді, нақты ізденістер мен толықтыру барысында айқындалатын маңызды мәселе. Жаңадан құрылып жатқан Орталықтың зерттеу объектісінің этно-географиялық ауқымына байланысты да әртүрлі пікірлер орын алуы мүмкін. Біреулерге Еуроазиялық немесе Дештіқыпшақ даласы тәрізді атаулар қазақ тарихына жақын болып көрінері де түсінікті. Мұндайда айтарымыз, ежелгі прототүріктер - сактардың, сарматтардың, хундардың, қанлылардың және үйсіндердің, тіптен кейінгі түркілердің этно-әлеуметтік алтын ұясы, негізгі этно-саяси ордасы Орталық Азияның Алтайы (Алтынтауы), Өтукені болғандығын қалай ұмыта аламыз.

Сонымен айтылғандарды қорыта түсер болсақ, бүгінгі ғалымда Орталық Азия аймағындағы тарихи, рухани және мәдени құндылықтар мен негіздерін қалаған дәстүрлі өркениеттерді жан-жақты және нақты зерттемей бүгінгі қазақ және т.б. түркі халықтарының басқалармен этно-әлеуметтік ассимиляциясының себептері мен сызаны, әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлі дүниетанымдар синтезін, әрқандай тәуелсіздікке ұмтылған өркениеттік этно-саяси құрылымдардың, яғни мемлекеттілік тарихының эволюциялық ерекшеліктерін ғылыми негізде пайымдау мүмкін емес. Осы тұрғыдан алғанда кейінде М.Тажиннің «бізге Орталық Азия өңірінің тарихы мен тұтастай алғанда жалпы тарих туралы өзіміздің, ұлттық наным-түсінімімізді қалыптастыра бастау мәселесін қарастыру керек» деген салмақты пікірі осы бағыттағы ғалымдарымыздың ізденістерін жандандыра түсуі тиіс дер болсақ, осының алғашқы және нақты көріністерінің және ашқан бастауының бірі – ал-Фараби атындағы Ұлттық университет жанынан құрылған Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерделеудің Республикалық орталығы болуы тиіс деген ойдымыз.

Тұрсынхан Зәкенұлы (Қайыркен)

*тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атын. ЕУУ
институты кафедрасының профессоры*

КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ «МӘңГІЛІК ЕЛ» МҰРАТЫ

*Бір күнде естің иең түрік еді,
Ер түрік ең дағала көрік еді
М. Жұмабаев*

Өз жеріне өзі ие болу, оның игілігін қору, «мәңгілік ел тұтып отыру» ерте күнде Отүкенде орда тіккен бабалардың асыл мұраты болған. Олар бұл мұратты арыдағы гүндардан алса, кейінгі кезде Шыңғысхан оны түріктерден алып, ары қарай жалғастырған. Оған «Алашқа» ұласқан. «Алаш туы астында күн сонғенше сонбейміз» дейтін асқақ мұрат содан туған. Сол «Алаш» сөзінің өзі де көне түркі дәуірінен бізге келіп жеткен. Көнеде Алтай мен Отүкеннің, Саян қабырғасынан Ерентауға, одан Сыр суына дейін құлап жайған түркілер «күлік бабалары, аталары, әкелері құрған мемлекеттің даңқы өшпесін деп» ереуіл атқа ер салған; ер салып жер түбі – Шандун жазығына дейін жеткен, Қыдырхан (Хинган) қиясынан ат шалдырған, «бірақ теңізге ел жетпеген».

Сондай ерлердің бірі Екінші Түркі қағанатының сайынқыран санғұны, текті тегін Күлтегін еді. Ол тарихта Екінші Түркі қағанаты деп аталатын осынау қағанаттың құрушысы Елтеріс Құтлық қағанның екінші ұлы еді. Күлтегіннің өмірге келген кезі Түркі қағанатының бодандықтан бостандыққа жету жолындағы алмағайып кезеңімен тұпа-түс келеді. Бұл Елтеріс Құтлық қаған түліс (шығыс) түріктерді Таң (Табғаш) империясының бодандығынан құтқарып, Түркі қағанатын қайта құрған кез (683 жылдың шамасы) болатын. Елтеріс Құтлық қағанның кіндігінен екі ұл – Можилан (кейінгі Білге қаған) және Күлтегін туған. Ол Екінші Түркі қағанатының құрдасы. Тәуелсіздік таңымен өмірге келген өрен. Оның балалық шағы әкесі Елтеріс Құтлық қаған мен кіші әкесі Бөгчор Қапаған қағанның Табғаш отаршылдығына қарсы ат үсті аламан жорықтарының кезінде өтті. Табғаш бодандығынан құтылып, өз тәуелсіздігін қолға алған жас мемлекеттің буынын бекітіп, айбынын арттыру жолындағы сан аламан шайқасты көзбен көрген Күлтегін ерте есейді. Бірақ 691 жылы айбынды Елтеріс Құтлық қаған өмірден өткенде ол небары жеті жаста еді. Ағасы Можилан да тоғыз жасқа ілінбеген болатын. Екеуінің буыны қата қоймағандықтан, ағасының інісі, айға шапқан арыстандай Бөгчор (Қапаған қаған) таққа отырып, түркі халқының табғаш бодандығына қарсы күресін одан ары жалғастырды. Осы кезде Табғаштың әйел патшасы У-Цзытянь түріктердің тәуелсіздігін амалсыз мойындады. Түріктер қайтадан тәуелсіз ел ретінде ордасын Отүкен тауының қойнауына - киелі Орхон өзенінің бойына тікті. Сол себепті, ол бүкіл түріктің кіндік жұртына, «түңкі ханына» айналды. Оған бұрын түріктің мемлекет құрған жері Алтайдың күнбеті болатын. Бұл түріктердің бірінші рет дүркірей көтеріліс, әлемге әйгілі болған кезі, яғни «күлік қағандар» - Түмен мен Мұканның, Істемі қағандардың ел билеген кезі еді.

Өкінішке орай, б.д. 552 жылы Түмен және Мұқан қағандар құрған сол айбатты Түркі қағанатының Шығыс (Түліс) бөлігі 630 жылы, Батыс (Тардуш) қанаты 657 жылы Таң империясының отарына айналған болатын. Бірақ бұл отарлыққа түркі халқы және оның қағандары өз еркімен барған жоқ.